

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Ч.І.- Б.89-93

ӘОЖ 636.1.01(045)

БЕСҚАРАҒАЙ ҚАЗАҚЫ ЖЫЛҚЫ ТИПІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

*Құрманғали Л.С., 1 курс докторанты
Қажғалиев Н.Ж., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
профессор
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ.*

*Исхан Қ.Ж., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент
Қазақ ұлттық агротехникалық зерттеу университеті
Алматы қ.*

Жылқы шаруашылығы – мал шаруашылығының басты салаларының бірі. Жылқы шаруашылығының басты өнімдерінің бірі, тек санаулы елдер ғана тұтынатын жылқы еті. Жылқының ет өнімділігін зерттеу, шаруашылықта мал азықтандыру және күтіп - бағу жағдайларын ұдайы жақсарту, шаруашылық жүргізудің жалпы мәдениетінің өсуі асыл тұқымды мал өсіру жұмыстарының, тиімділігін едәуір арттыруға септігін тигізеді. Терең жүргізілетін селекциялық жұмыстар арқылы мал өнімділігін тез жоғарылатып, мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы өндірісін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Бүгінгі таңда жылқы етін өндіріп, асыл тұқымды мал санын арттыру өзекті мәселеге айналып отыр.

Табиғи жайылымдық жерлердің жеткілікті көлемінің болуы, жылқы шаруашылығындағы көп жылдық тәжірибе, жылқы шаруашылығы өнімдеріне тиімді сұраныс елімізде өнімді жылқы шаруашылығын дамытуға негіз болды [1].

Нарықтық экономикаға көшу өнімді жылқы шаруашылығының қосалқы саласын дамытуға нақты түрткі болды. Республикада қазақ жылқысын өсіруге маманданған көптеген шаруа қожалықтары құрылды, оларға сұраныс Қазақстанның барлық аймақтарында жоғары. Осының негізінде арзан, экологиялық таза жылқы еті мен қымыз өндіру үшін жыл бойына жайылымдық бағылатын дала және шөлейт аймақтарда бейімделген қазақ жылқыларының жаңа асыл тұқымды түрлері мен аталық іздерін құрудың асыл тұқымды принциптерін әзірлеу ерекше орын алды.

Өнімді бағытта отандық жылқы шаруашылығы үшін қазақ жылқы тұқымының маңызы зор. Бұл жылқылар өндіріске пайдаланылатын тұқымдар

құрылымында ең көп үлесті – Қазақстандағы жылқылардың жалпы санының 34,5%-ын алады. Олар өмір сүру жағдайына бейімделу, төзімділік, ет және сүт сапасы жағынан құндылығы жоғары. Тек жайылымда ғана 2,5 жасында 370-390 кг тірілей салмаққа жетеді, бұл оларды етке өсірудің жоғары рентабельділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қазақ жылқысы Қостанай, Көшім, Мұғалжар тұқымдары мен етті тұқымды Қаба, Селеті, Бестау зауыттық типтері мен жаңадан құрылған Бесқарағай зауыттық типті қазақ жылқы тұқымдарын қалыптасуына бастапқы материал болып табылды [2].

Осы бағытта, XX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасы мен 70-ші жылдарының басынан бастап жылқы шаруашылығының дамып келе жатқан қосалқы саласы ретінде «етті жылқы шаруашылығы» ұғымы күнделікті өмірге нақты енді.

Осы кезеңдерде Барминцев Ю.Н., Борисов М.Н., Нечаев И.Н., Федотов П.А., С.С.Рзабаев сынды ғалымдар жылқының ет өнімділігін арттыру ғана емес, сонымен қатар мамандандырылған зауыттық типтер мен тұқымдар жасау мәселесін көтерді [3,4].

Сонымен, Барминцев Ю.Н. арнайы етті типтерді шығару кезінде қазақ жылқысының жәбі типінің аналық табындарын негізге алу ұсынды [5].

Қазақ жылқыларының Қабын ет түрінің қанын қазақ тұқымды биелерге құю қазақ жылқы тұқымдарының құрылған Бесқарағай зауыттық типінің тірі салмағы мен өнімділігін арттыруға мүмкіндік бергені анықталды. Асыл тұқымды жұмыс кезіндегі қатаң іріктеу және іріктеу тірі салмақ пен өнімділікті ғана емес, сонымен қатар негізгі дене өлшемдерін де арттыруға мүмкіндік берді.

Абай облысы жағдайында Бесқарағай өңірінде алғаш рет дәстүрлі өсіру технологиясын өзгертпестен жыл бойы жайылымдық бағу арқылы қазақ жылқысының өнімділігі жоғары Бесқарағай зауыттық түрін құруға мүмкіндік туды. Яғни, қажетті генотипті өсіруге байланысты жоғары тірі салмақпен және ет өнімділігімен сипатталатын тұқымішілік типтер, оның одан әрі қайталануымен дәлелденді.

Осыған орай, көп жылдық ғалымдармен селекционердің ғылыми зерттеу жұмыстарының зерттеу нәтижелері негізінде 2022 жылдың 30 желтоқсан айында Бесқарағай қазақы жылқы типі бекітілген болатын.

Осыған орай, Бесқарағай қазақы жылқы типінің қалыптасу тарихы мен қазіргі жағдайы зерттеліп, мақалада баяндалып отыр.

Ғылыми жаңалығы - алғаш рет Шығыс Қазақстан өңірінде өсірілетін қазақы жылқы тұқымы Бесқарағай қазақы жылқы типінің қалыптасу тарихы мен қазіргі өнімділік ерекшелігі зерттелді және жылқы етін өндіру технологиясын жетілдіру жолдары қарастырылды.

Зерттеу жұмыстары 2023-2024 жылдары Абай облысы, Бесқарағай ауданында орналасқан «ЕРНАЗАР» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінде жағдайында жүргізілді. Зерттеу нысанына - қазақы жылқылардың Бесқарағай типінің әртүрлі жастағы жылқылары алынды.

Қазақ жылқы тұқымының құрылып жатқан Бесқарағай зауыттық типі етті жылқы ретінде өсіруде Шығыс Қазақстан облысының далалық аймақ

жағдайында ең құнды болып табылады. Олар облыстағы жылқылардың негізгі бөлігінен тірі салмағының жоғарылығымен және салыстырмалы түрде өлшемдерінің жоғарылығымен ерекшеленеді.

Зауыттық типтің жылқыларының дене өлшемдері жылқыларды бонитировкалау бойынша қолданыстағы нұсқаулықтың (2014) талаптарының нақты өлшемге асатын, шығарылып жатқан аталық іздер мен типтерге арналған стандарттарға сай жүргіліп алынды [6].

Даму және дене типін сипаттау үшін сауын биелерді өлшеп, таразылады. Биелердің дене бітімінің ерекшеліктерін зерттеу мақсатында қалыптасу, орамдылық, салмақтылық және сүйектілік индекс көрсеткіштері есептелінді.

Бесқарағай қазақы жылқы типінің құрылу тарихы шаруашылықтың мұражайы деректерінен алынды.

Зерттеу нәтижелері. Қазақы жылқы тұқымының селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды бұрынғы Семей қаласының зооветеринарлық институт ғалымдары профессор Б.Х.Садықов пен доцент М.Г. Дадебаев Семей облысы Бесқарағай ауданы «КСРО-ның 50 жылдығы» колхозында 1970 жылдан бастап жасады. Осы кезеңде шаруашылықтың жылқыларының көрсеткіштері аса жоғары емес: 136-142-170-18,0 см және тірілей салмағы да төмен, 375 кг болды.

1970-1975 жылдардан бастап Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Республикалық асыл тұқымды мал шаруашылығы бірлестігінің тапсырмасымен асыл тұқымды жылқы шаруашылықтары үшін жылқылардың өнімділік сапасын арттыру мақсатында Қазақстанда бар қазақ жылқыларының ең жақсы қоры шоғырланған, Ақтөбе облысының Мұғалжар және Ембі асыл тұқымды жылқы зауыттарынан құнандар мен байталдар сатып алына бастады.

1975 жылдан бастап Ақтөбе облысынан асыл тұқымды құнандар мен байталдар әкелінгеннен кейін жаппай сұрыптаумен қатар жеке іріктеу де жүргізілді. Жылқыларды іріктеу белгілерінің жиынтығы бойынша жүргізіліп, тірі салмағы төмен және табында тебіндеп ұстауға бейімделмеген малдарды жарамсыз деп шығарды. Шаруашылықта жылқыларды іріктеу кезінде біртекті (гомогенді) және әртекті (гетерогенді) сұрыптаулар қолданылды. Біртекті іріктеу арқылы ең жақсы биелерге ұқсас артықшылықтары бар (өнімділігі, ірілігі және т.б) айғырларды шағылыстырды. Бұл таңдау әдісі ұрпақ бойына екі ата-анаға тән қасиеттерді бекіту ғана емес, сонымен бірге жаңа, одан да жетілген қасиеттерді алуға мүмкіндік берді. Гетерогенді жұптастыру кезінде жан-жақты қасиеттері бар ұрпақ алу үшін жылқылардың тұқым қуалаушылықты бастапқы қасиеттерімен біріктіру қарастырылды.

1981 жылдан бастап қазақ жылқыларымен асыл тұқымдық жұмыстың маңызды кезеңі, қаба етті типінің айғырларымен кезек және қан араластыра будандастырып, жыл бойы мал малды жайып- тебіндеп бағып өсіру

жағдайында тұқымдық және өнімділік қасиеттерін жақсартудың селекциялық әдістерін шығару болып саналады.

Шаруашылықтағы жылқыларды жақсартудың негізгі әдісі – аталық із негізінде өсіру әдісі, бұл әдіс алғаш рет орлов желісті жылқы тұқымын шығаруда, сондай-ақ асыл тұқымды жылқы өсіру тәжірибесінде қолданылады.

1996 жылы «КСРО-ның 50 жылдығы» колхозы «Сосновка» болып аталды, ал 2001 жылы осы шаруашылықтың негізінде Шығыс Қазақстан облысының Бесқарағай ауданында «Мукинов» шаруа қожалығы құрылды, онда шығарылып жатқан Бесқарағай зауытының типінің негізгі мал басы шоғырланған.

1970-1978 жылдар аралығында Нечаев И.Н. жетекшілігімен қой шаруашылығының Қазақ ғылыми-техникалық зерттеу институтының жылқы шаруашылығы бөлімінде Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданына қарасты «Азамат» шаруа қожалығында «Жабы» типті қазақ биелерін кеңестік ауыр жү тартатын жылқы тұқымы айғырлармен шағылыстыру арқылы қазақы жылқылардың жаңа Қаба етті типі шығарылды. Жаңа Қаба типімен іріктеу жұмысын қой шаруашылығы ҚазҒТЗИ жетекші ғылыми қызметкері Жұмағұлов А.Е. жүргізеді. Ол алынған нәтижелерді жүзеге асыру мақсатында «КСРО-ның 50 жылдығы» колхозына жергілікті жылқыларының асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін жақсарту үшін Қаба ет типінің құнандар мен байталдарды әкелді. Бұл ретте Қаба типті жылқыларын кері және кіріспе будандастыру жүргізілді. Жергілікті биелерді қаба ет типінің айғырлармен, қаба типті биелерді қазақтың жебы типінің айғырларымен шағылыстырылды. Алынған будан биелерді кейіннен шаруашылықтағы қазақ айғырларымен шағылыстырды. Бұл ретте қазақ тұқымының қаны $\frac{3}{4}$ және қаба ет типінің $\frac{1}{4}$ қаны бар жылқылар алынды. Алынған жылқылар өзге қазақ жылқыларымен салыстырғанда бойшаң болды (1-сурет).

Бесқарағай қазақы жылқы типінің қалыптасуы үш кезеңнен өтіп, қалыптасты.

Бесқарағай етті типін құрудың бастапқы кезеңінде (1990-1995 ж.ж.), шығу тегі мен типтік ерекшелігіне, дене өлшемдері мен тірі салмағына, экстерьеріне, табын жағдайына бейімделуіне және ұрпақ сапасына қарай жапшай сұрыптау жүргізілді. Жергілікті қазақ биелерінің іріктелген селекциялық тобына Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы «Азамат» шаруа қожалығынан сатып алынған Қаба етті типінің айғырларын жұптастырып, жаңа аталық іздер мен аналық ұяларды құру үшін айғырлар мен биелердің көрнекті генотиптері анықталды.

Жұмыстың екінші кезеңінде (1996-2006 ж.ж.) өнімділігі жоғары малды іріктеу жалғасты, шаруашылық-пайдалы белгілерін бекіту үшін біртекті сұрыптау, сонымен қатар сұрыптау барысында анықталған сыртқы және конституциялық типтегі кейбір кемшіліктерді жою үшін гетерогенді сұрыптау жүргізілді.

Үшінші кезеңде (2007-2017 ж.) ет-сүт өндіру бағыты бойынша өнімділігі жоғары *Шойынқара* және *Байторы аталық іздері* және қазақ

жылқы тұқымының *Бесқарағай* зауыттық типі шығарылды. Бүгінгі күні Абай облысы Бесқарағай ауданына қарасты «Ерназар» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінде 283 бас қазақ биелері мен 14 бас айғырлары бағып-күтіледі. Шаруашылықтағы 1971-2018 ж.ж.аралығындағы селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс кезеңінде қазақ жылқыларымен біраз жетістіктерге жетті. Мұны бастапқы топтағы ересек жылқылар мен жаңа Бесқарағай етті типінің орташа деректерін салыстыра арқылы бағалауға болады.



Сурет 1 - Бесқарағай қазақи жылқы типінің биелері

Осы жылдары бонитировка мәліметтерінен көріп отырғанымыздай Бесқарағай тип биелері 2018 жылғы мәлімет бойынша шоқтығының биіктігі $147,5 \pm 0,51$ см құраса, 1971 жылғы бастапқы топтағы аналықтардан шоқтығының биіктігі $139,1 \pm 0,61$ см құраған, яғни осы өлшем бойынша 10,1 см -ге өскенін көруге болады, ал тұрқының қиғаш ұзындығы бойынша 2018 жылы $154,6 \pm 0,68$ см болса, 1971 жылы $145,3 \pm 0,69$ см құраған, яғни тиісінше 11,0 см-ге артқан; кеуде орамы тиісінше 2018 жылы $172,6 \pm 0,77$ см болса 1971 жылы $182,4 \pm 0,74$ см құрап, 9,6 см-ге артты, жіліншік орамына келетін болсақ, бастапқы 1971 жылғы топта $18,5 \pm 0,23$ см болып, 2018 жылы $21,5 \pm 0,17$ см, сонда 3 см-ге артқан, ал тірілей салмағы 76,6 кг-ға өскен, яғни 1971 жылы $412,6 \pm 5,6$ кг болса, 2018 жылы $489,2 \pm 4,73$ кг құрап отыр. Бұл Бесқарағай қазақи жылы типінің ғалымдар мен селекционер мамандарының қатаң селекциялық жүргізілген жұмыстарының нәтижесінде тұқымдылық және өнімділік сапасының артып келе жатқанын көрсетеді. Биелердің сүттілігі жоғары.

2023 жылғы бонитировка мәліметі бойынша асыл тұқымды жылқылардың жалпы саны 1500 бас, оның ішінде Бесқарағай қазақи жылқы типінің «Ерназар» ШҚ -283 бас биелердің орташа тірілей салмағы $485,1 \pm 6,4$ кг құраса, 14 бас асыл тұқымды айғырлардың тірілей салмағы $491,4 \pm 4,59$ кг құрап, жылдан-жылға аталмыш тұқымшылық типінің тұқымдылық және өнімділік сапасының артып келе жатқанын көруге болады. Бесқарағай зауыттық типіндегі жылқылар ірі денелігімен, жақсы жетілген еттілік пішінімен ерекшеленеді. Жасына қарай шоқтығының биіктігі 150-156 см, кеуде орамы 189-208 см дейін барса, жіліншік орамы 21 см-ден жоғары, тұрқының қиғаш ұзындығы 170-182 см құрайды.

Қорытынды. Жоғарыда келтірілген материалдардан «Ерназар» шаруа қожалығының қазақ жылқы тұқымдарының Бесқарағай зауыттық типіндегі айғырлар мен биелердің қазіргі популяциясы жылқылардың бастапқы топтарынан ең жақсы дене бітімі пішіні және тірі салмағының жоғарылығымен ерекшеленетінін аңғаруға болады.

Және, сайып келгенде, жасалған ет түріндегі асыл тұқымды өсіру осы жылқылардың гендік қорын сақтауға мүмкіндік береді және қазіргі уақытта ғана емес, алдағы уақытта да жұмыс істеу үшін маңызды іс болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Kargaeyeva, A., Aubakirov, Kh., Mongush, S., Iskhan, K., Davletova, A., Vaimukanov, A. (2023). Meat Productivity of Kazakh and Tuva Horses. *OnLine Journal of Biological Sciences*, 23, 81-86. Doi: 10.3844/ojbsci.2023.81.86
- 2 Акимбеков, АР. (2005) *Казахская лошадь (прошлое, настоящее, будущее)*. Алматы Эдельвейс.
- 3 Vaimukanov, A., Aubakirov, Kh., Kargayeva, M., Iskhan, K., Bekenov, D., Yuldashbayev, Yu., Vaimukanov, D. (2023). Productivity of Horse and Camel Breeds from the Arid Zone of the Republic of Kazakhstan. *OnLine Journal of Biological Sciences*, 23. 402-410. Doi: 10.3844/ojbsci.2023.402.410
- 4 Дүйсембаев, К. (2013). *Жылқы тұқымдарын асылдандыру*. Алматы.
- 5 Исхан, ҚЖ. (2014). *Жылқы шаруашылығы*. Алматы.
- 6 ZAN. KZ. (2014). *Инструкция по бонитировке местных пород Казахстана*. Астана.